

Шомбекова Н. Ш.
Нұра ауданы. Жараспай ЖББМ, Қазақстан Республикасы

ӨЛКЕ ТАРИХЫН ОҚЫТУ - ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОТАНСҮЙГІШ СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Тәуелсіздік күні - халқымызға ғасырлар бойы арман болған егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін, Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі, ерекше мағыналы мерекесі. Азаттық аңсаған елдің түпкі мақсатының орындалып, бүгінгі Қазақстан Республикасы өз мемлекеттігін бұдан отыз жыл бұрын жариялаған болатын. Бізді бұл күнге дейін жеткізген ұмытылмас оқиғалар - ел қорғау соғыстары, ұлт-азаттық көтерілістері, қандай ауыртпалықты да көтере білген, жасымайтын асқақ жігері, рухы қайтпайтын табандылықты, өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде бүгінгі күн мен келешекті армандау мен жоспарлау үшін сақталуы тиіс.

Тәуелсіздік – ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Елбасының «Қазақстанның тәуелсіздігі қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастан кешу арқылы қол жеткен өз мемлекеттілігін құруға деген заңды, бұл даусыз фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс», - деп атап көрсетуіне үлкен мағына жатыр.

Өз басымның пайымына келсек, мемлекетіміздің тәуелсіздігі – халқымыздың бақыты. Алғашқы жылдарда басым мақсаттардың егемендікті нығайту, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болған еді. Сондықтан бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, отансүйгіштікті, ұлтына деген махаббатты жоғалтпай, әрі қарай өсіп келе жатқан жастардың патриоттық сезіміне енгізуге ерекше көңіл бөлу керек.

Олай болса, тәуелсіздік шарттарында тәрбие алып, өсіп келе жатқан азаматтық қоғамда ұлттық сананы оятатын ұғымдардың мағынасы ерекше, олар адам көкірегіне ұялайтын жылылық, жақындық, тусытық сезім арқылы берілсе, ұлттық намыс - ұлтаралық және халықаралық жағдайда, елдің басын

біріктіретін қадір – қасиеттегі сүйіспеншілік, ал, ұлттық рух – еліне, жеріне деген мақтаныштық жауапкершіліктегі патриоттық қасиетті тасымалдайды. Әсіресе, бұл тақырыптың өзектілігі өсіп келе жатқан жас-жеткіншіктер арасында өз орнын табу керек. Сондықтан, дербес өмірге ұмытлу саясатын одан әрі тереңдету мен күрделендіру мақсатында, ұлттық сезім мен ұлттық намысты, ұлттық рухты көтеру – бүгінгі таңның кезек күттірмес міндеті деп білеміз. Демек, жастарға бұл ұғымдардың мағынасын тереңірек біліп, мағынасы бар біртұтас болғанмен өзіндік объективтік шарттылықтарды қажеттілігі қоғам сұранымын өмірдің әр кезеңіне қостыру керекпіз. Қазіргі зерттеушілер, отаншылдық сезім ұғымын – ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі ретінде қарастырылып, Отанды сүю, өз халқының өткеніне сыйластықпен қарау сияқты, азаматтың адамгершілік негізін құрайтын қоғамдық мәнді қасиеттерінің қалыптасуына себептігін тигізеді. Отаншылдық сезімін ұсрақтың бойында қалыптастыру – елжандылық туған отбасына, туып-өскен ортаға, туған топырағы мен табиғатына деген құрметтен басталады. Айта кететініміз, ол тек қазақтардың ғана өз отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендейтін бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние. Бұл сезімнің мағынасы терең, аумағы кең, құдіреті күшті. Ол өз мазмұны, өз аясы бар, құдіретті күшке кездейсоқтықтан айналмайды, бұл сезімнің оянып, бірте-бірте күш алып, саналы өзіндік мәні, өлшемі, мағынасы бар біртұтастық мақтаныш. Осы екі ұғымды қолдаушы ролін атқаратын ұғым, «патриот» болып табылады. «Патриот» ұғымы – отаншылдық пен отансүйгіштік ұғымдардың игілігін қолдай отыра, «патриотизм» деген ұғыммен кең қолданылатын шарттылық. Олай болса, өз ұлтын, жерін сүйіп, оның мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын адам ғана шынайы патриот бола алады – деген болатын Бауыржан Момышұлы.

Білім беру жүйесінде «патриотизм» ұғымы патриоттық тәрбиенің барлық негізгі бағыттарымен бірге жүзеге асырылады. Патриотизм біртіндеп қалыптасатын, тынымсыз, үздіксіз тәрбиенің нәтижесінде орнығатын ұлы сезім. Біздің мектепте тарихты оқытуда оқушыларға Отансүйгіштік тәрбие берудің бірнеше жолдары анықталып, патриотизм білім беру жүйесінде төмендегідей

бағыттармен біріге жүзеге асады:

1. Отан тарихын оқытуды өлке тарихымен байланыстыра отырып жүзеге асыру: туған өлке тарихына қатысты оқулықта қамтылмаған қосымша мәліметтерді беремін; оқушыларды өз бетінше жұмыс жасата отырып, деректер жинатамын; тарихи, мағыналы сандармен жұмыс жасаймыз.

2. Туған өлке жерінде орналасқан тарихи орындарға оқушылармен саяхат жасаймыз.

3. Туған өлке тарихына қатысты оқушылардың шығармашылық ізденісін дамытып, оларды ғылыми жобалар мен интеллектуалдық сайыстарға, пәндік олимпиадаларға қатыстыру.

4. Өлкемізден шыққан және оның дамуына үлес қосқан тұлғалардың өмірі, олардың атқарған істері туралы сабақтар немесе кездесулер өткізу.

5. Оқушылардың тарихи санасының қалыптасып, Отансүйгіштік қасиетінің артуына, нығаюына мектепте өлке тарихы мен мектеп тарихынан сыр шертетін оқиғалар, әңгімелесулер, кездесулерді іс жүзіне асыру.

Қорытындылай келгенде, қазақтың Отансүйгіштік тәрбиесі халқымыздың сан ғасырлық болмысының, дүниетанымдық көзқарасының, мәдениетінің көрінісі. Сондықтан, өскелең ұрпақты Отансүйгіштікке тәрбиелеу - мемлекеттік деңгейдегі іс. Бұл міндетті орындай үшін мемлекет-отбасы-білім беру жүйесі арасында тұрақты, жүйелі іс атқарылуы керек. Өскелең ұрпақтың бойына адамгершілік, ұлтжандылық, Отансүйгіштік қасиеттерді дарыту үшін мектепте Қазақстан тарихының туған өлке тарихымен байланысты, сабақтастыра жүргізілуінің маңызы зор.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Байтохина Ә. Азаматтық–патриоттық тәрбие беру –уақыт талабы//Қазақстан мектебі.-2011.-№4.-9 б.
2. М. Қозыбаев, К.Нұрпейіс, Қ.Жүкешов. Қазақстан тарихы. Алматы, 2013.